

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 37 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 ақпанда № 22260 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, 6-бабының 1-тармағына, 36-бабының 1-тармағына, 56-бабына, 61-бабының 4-тармағына, 78-бабының 1-тармағына, 80-бабының 5-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына, 13-4-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Тізбенің 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, алпыс бесінші,

алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, 4-тармағының жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырқыншы, қырық бірінші, қырық екінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі**

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 24 ақпандағы
№ 37 қаулыға
қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Номиналды ұстаушы клиентпен номиналды ұстау туралы шарт жасасқаннан кейін клиентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымында клиенттің жеке шотын және (немесе) қосалқы шотын ашады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шотты ашу үшін номиналды ұстаушы орталық депозитарийге Қағидалардың 5-тармағының талаптарына сәйкес оны ашу үшін қажетті барлық деректемелерді көрсете отырып, клиент туралы мәліметтер береді.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – № 307 қағида) 18-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жасырын жеке шоттарды және қосалқы шоттарды, сондай-ақ ойдан шығарылған аттарға жеке шоттарды және қосалқы шоттарды ашуға жол берілмейді.

Осы Қағидалардың мақсатында шетелдік есеп айырысу ұйымы болып мыналар түсініледі:

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес-банк;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген міндеттерді жүзеге асыратын номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым;

Бағалы қағаздарға қызмет көрсету мәселелері жөніндегі халықаралық қауымдастықтың (International Securities Services Association) мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті емес-ұйым.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Номиналды ұстаушы жеке шотқа жеке нөмір береді. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шотта және орталық депозитарийдегі клиенттің қосалқы шотында мыналар туралы мәліметтер қамтылады:

1) тіркелген тұлға (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, клиенттің резиденттік белгілері, жеке тұлғаның азаматтығы туралы мәліметтер, экономика секторы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес), заңды тұлғаның тіркелуін растайтын құжат туралы мәліметтер немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса) (бұдан әрі – БСН), пошта және заңды мекенжайлары, банк деректемелері (қажет болған жағдайда бағалы қағаздар бойынша өтелетін сыйақы мен сомаларды аударуға арналған банк деректемелері және бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған банк деректемелері), салық жеңілдіктері туралы мәліметтер және орталық депозитарийге және (немесе) номиналды ұстаушыға қағидалар жинағына немесе номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес қосалқы шотты және (немесе) тиісінше жеке шотты ашу үшін қажет болатын ақпарат);

2) осы жеке шотта (қосалқы шотта) тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі және сәйкестендіру нөмірі;

3) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының саны және сәйкестендіргіші;

4) ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқықтарының) саны;

5) пайдасына бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған тұлғалар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары);

6) оқшауланған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны;

7) "репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны;

8) осы жеке шот бойынша тіркелген мәмілелер және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетілген операциялар:

мәміле (операция) түрі;

оны тіркеу күні және уақыты;

мәмілені (операцияны) жүргізу негіздемесі;

операцияға қатысқан жеке шоттардың нөмірлері;

оларға қатысты мәміле тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі, сәйкестендіру нөмірі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының саны және сәйкестендіргіші);

9) операциялардың (мәмілелердің) белгілі бір түрлері үшін қажетті мәліметтер.

Клиенттің орталық депозитарийдегі қосалқы шотының мазмұнына қойылатын, осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген талаптар № 307 қағидалардың 18-1-тармағының ережелері ескеріле отырып қолданылады.

6. Жеке шоттарда мынадай бөлімдер ашылады:

1) "негізгі" - мәмілелер жүргізуге шектеулер белгіленбеген бағалы қағаздарды есепке алуға арналған (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы);

2) "оқшаулау" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай шешімді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімі негізінде бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының) сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығымен) азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

3) "репо" - автоматты тәсілмен және Орталық контрагенттің қызметін пайдаланбай жасалған "репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған;

4) "ауыртпалық салу" - азаматтық-құқықтық мәміле негізінде туындаған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) ұстаушының басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін мәмілелерді жүзеге асыруға шектеулер қойылған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

5) "клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) бөлімдері" - клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорына жарналар, маржа жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық тәсілмен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарын есепке алуға арналған, осы бөлім бойынша операциялар клирингтік қатысушының жасасқан мәмілелер бойынша барлық өз міндеттемелерін орындаған және (немесе) дефолтты реттеу бойынша рәсімдер өткеннен кейін клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) тиісті өкімі болған кезде ғана жасалады.

Номиналды ұстаушы қажет болған кезде жеке шотта бағалы қағаздарды есепке алу үшін қосымша бөлімдер ашады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қағидалардың 39-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен ұсынылатын бұйрықтарды қоспағанда, жеке шотты ашуға арналған бұйрыққа заңды тұлғаның өкілі (жеке тұлға немесе оның өкілі) қол қояды және онда мынадай мәліметтер қамтылады :

- 1) заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));
- 2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері;
- 3) жеке тұлғаның туған күні;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі;
- 5) заңды тұлғаның орналасқан жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері), пошталық мекенжайы;
- 6) жеке тұлғаның ЖСН-ы немесе заңды тұлғаның БСН-ы (бар болса), бағалы қағаздарға қатысты оған қолданылатын салық жеңілдіктері туралы мәліметтер;
- 7) заңды тұлғаның тіркелген жері (жеке тұлғаның азаматтығы) туралы мәліметтер;
- 8) экономика секторы;
- 9) банк деректемелері (бар болса);
- 10) номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес орталық номиналды ұстаушыға қажетті мәліметтер.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шот ашуға бұйрыққа заңды тұлғаның өкілі (жеке тұлға немесе оның өкілі) қол қояды және орталық депозитарийдің жиынтық қағидаларында көзделген мәліметтер қамтылады.

16. Номиналды ұстаушы орталық депозитарийдің жиынтық қағидаларында белгіленген тәртіппен күн сайын, есепті күннен кейінгі жұмыс күні, Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 16:00-ден кешіктірмей номиналды ұстаушының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде номиналды ұстаушының атына ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған қосалқы шоты бойынша мынадай:

есепті күннің басындағы және соңындағы жағдай бойынша осы қосалқы шотта есепке алынған қаржы құралдарының қалдықтары;

қаржы құралдарымен номиналды ұстаушының клиенттеріне арналған жеке шоттар бойынша тіркелген, есеп күн ішінде осы қосалқы шот бойынша жасалған операциялар туралы электрондық деректерді ұсынуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтерді ұсыну күнгі жағдай бойынша осы номиналды ұстаушының атына ашылған, оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған қосалқы шоты номиналды ұстаушыларға қолданылмайды.";

17, 18-тармақтар алып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Номиналды ұстауға берілген, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта эмиссиялық бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарымен) жасалған мәмілелерді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу жеке шоттар бойынша тиісті операцияларды жүргізу арқылы жүргізіледі.

Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тарту үшін Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген негіздер болмаған кезде бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықты орындауды номиналды ұстаушы, егер Қағидаларда және (немесе) орталық депозитарийдің жиынтық қағидаларында бұйрықты орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, қарсы бұйрықты алған күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есепке алу осы эмиссиялық бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN коды) көрсете отырып, орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіпте орталық депозитарий беретін сәйкестендіргіштер бойынша номиналды ұстаушы жүзеге асырады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық мәні осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшаулау операциялары жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) санына сәйкес айқындалады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық мәні осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшаулау операциялары жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) санына сәйкес айқындалады.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Номиналды ұстаушы ішкі құжатпен белгіленген тәртіппен:

1) клиенттердің жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу үшін қабылданған бұйрықтарын және олардың орындалуын (орындалмауын);

2) жеке шоттар бойынша операцияларды;

3) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қоюға сенімхаттарды;

4) клиенттерден алынған жазбаша нұсқауларды акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібін көрсете отырып тіркеу журналдарын жүргізу арқылы шынайы және өзекті есепке алуды жүзеге асырады.

22. Бір номиналды ұстаушының клиенттері арасында операциялар жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтарының өтуін тіркеуді номиналды ұстаушы жүзеге асырады және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Номиналды ұстаушы номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоттар бойынша операция жүргізу күні клиенттің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша тиісті бұйрықты жібереді. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бір номиналды ұстаушының клиенттері арасындағы операциялар номиналды ұстау жүйесінде операцияны жүргізу күнімен көрсетіледі. Номиналды ұстаушы клиентке оның бұйрығының орындалғандығы туралы есепті орталық депозитарийден операцияның жүргізілгені туралы растаманы алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы номиналды ұстаушының атына ашылған және номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты бойынша операциялар жүргізілген жағдайларда қолданылмайды.

Номиналды ұстаушының атына ашылған және номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты бойынша операциялар жүргізілген жағдайларда бағалы қағаздар бойынша құқықтарының өтуін тіркеуді номиналды ұстаушы жүзеге асырады, оларға операция жүргізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей клиентке оның бұйрығының орындалуы туралы есеп жіберіледі.

Бұйрықтың орындалуы туралы есеп клиентке пошта арқылы жіберіледі не клиенттің немесе оның заңды өкілінің қолына тапсырылады, не номиналды ұстаушының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында жасалып беріледі.

Депоненттің клиентіне бұйрықтың орындалғаны туралы есепті орталық депозитарий ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптармен орталық депозитарий жүргізілген операцияны растаған күні жібереді.

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның клиентіне бұйрықтың орындалғаны туралы есепті кастодиан сақталуын және есепке алынуын осы кастодиан жүзеге асыратын шетелдік бағалы қағаздар бойынша кастодианның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптармен кастодиан жүргізілген операцияны тіркеген күні ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында жібереді.

Түрлі номиналды ұстаушылардың клиенттері арасында операциялар жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өтуін тіркеу олардың орталық депозитарийдегі олардың жеке шоттары бойынша кейіннен номиналды ұстаушыларды есепке алу жүйесінде көрсете отырып жүзеге асырылады. Номиналды ұстаушылар өз клиенттерінің қосалқы шоттары бойынша мәмілелерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу туралы бұйрықтарды клиенттің тиісті бұйрығы номиналды ұстау жүйесінде тіркелген күні жібереді.

Орталық депозитарийден жеке шоттар бойынша операциялар жүргізілгені туралы растау алған күні номиналды ұстаушы мұндай операцияны номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетеді.

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың нарығында орталық депозитарийдің клиенті мен номиналды ұстаушының клиенті арасында операция жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтың берілуін тіркеуді орталық депозитарий орталық депозитарийдің клиенті мен номиналды ұстаушының жеке шоттары бойынша мәмілеге қатысушылардың қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгертуді немесе тоқтатуды тіркеуді номиналды ұстаушы заң күшіне енгізілген, 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық процестік кодекс) 226-бабына сәйкес ресімделген, номиналды ұстаушы алған сот шешімі негізінде жүзеге асырады және ол орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Номиналды ұстаушы тіркеген, сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгерту немесе тоқтату номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот бойынша операция жүргізілген күні орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгертуді немесе тоқтатуды орталық депозитарий заң күшіне енгізілген, Азаматтық процестік кодекстің 226-бабына сәйкес ресімделген, орталық депозитарий алған сот шешімі негізінде жүзеге асырады және ол номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Орталық депозитарий тіркеген, сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгерту немесе тоқтату орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шот бойынша операция жүргізілген күні номиналды ұстаудың есепке алу жүйесінде көрсетіледі.";

27-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мәміле мазмұнының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес келмеуі;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Нақтылы ұстаушы бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу жөніндегі операцияларды бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі

міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынатын ұстаушының және пайдасына оларға ауыртпалық салынатын тіркелген тұлғаның қарсы бұйрықтарының негізінде жүргізеді, бұған Қағидалардың 40-1-тармағында белгіленген жағдайлар қосылмайды. Бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған кезде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотында пайдасына ауыртпалық жүзеге асырылатын тұлға туралы жазба жасалады, ал бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) "негізгі" бөлімінен осы жеке шоттың "ауыртпалық салу" бөліміне есепке алынады. Пайдасына ауыртпалық жүргізілген тіркелген тұлғаның жеке шотына ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың түрі, саны, олардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші) туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған ұстаушы туралы жазба енгізіледі.

Номиналды ұстаушы ауыртпалығы бар бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) алып тастау операцияларын мәмілеге қатысқан тұлғалардан салынған ауыртпалықты (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) алып тастау туралы қарсы бұйрықтардың негізінде жүргізеді. "Ауыртпалық салу" бөлімінен Бағалы қағаздардың қиындығын алып тастау бойынша операцияларды жүргізу кезінде бағалы қағаздар бағалы қағаздар ұстаушысының "негізгі" жеке шотына ауыстырылады. Тіркелген тұлғаның жеке шотында бағалы қағаздар бойынша салынған ауыртпалық туралы жазбаның (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) күші жойылады.

Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген олардың біреуіне қатысты қосылу нысанында банктерді қайта ұйымдастырған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шотынан (шоттарынан) шотына (шоттарына) бағалы қағаздарды есепке алу (есептен шығару) бойынша операциялар жүргізген кезде ауыртпалық бойынша және ауыртпалықты алып тастау жөніндегі операциялар орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шотынан (қосалқы шотынан) үзінді көшірменің негізінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 37-1-бабында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) ауыртпалық бойынша немесе ауыртпалықты алып тастау жөніндегі операцияларды тіркеу тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жиынтығында белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

"40-1. Кепіл беруші эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде кепілге салынған бағалы қағаздарға құқықтардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) ауысуын оларды соттан тыс өткізу нәтижесінде тіркеу жөніндегі операцияны нақтылы ұстаушы мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

ауыртпалықты алуға кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенімді тұлғасының) бұйрығы; және

сауда-саттық өтті деп танылған жағдайда, кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген тұлғасының) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл берушінің жеке шотынан (қосалқы шотынан) және сатып алушының бағалы қағаздарды оның жеке шотына (қосалқы шотына) есепке жатқызуға қарсы бұйрықтары; немесе

сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда, бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл ұстаушының меншігіне айналдыру кезінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген тұлғасының) жеке шотына (қосалқы шотына) есепке жатқызуға арналған бұйрығы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бұйрықтарға мыналар қоса беріледі:

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында сауда-саттық туралы хабарландырудың жарияланғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

кепіл берушіге Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген хабарламалардың тапсырылғанын немесе оларды кепіл шартында көрсетілген мекенжайға тапсырыс хаттарымен жібергенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

сауда-саттықты өткізу қорытындылары туралы (сауда-саттықты өтпеді деп тану туралы) құжаттың көшірмелері.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген операцияларды (операцияларды) жүргізуге арналған бұйрықтарда (бұйрықта) көрсетілген бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны осындай бұйрықтарды (осындай бұйрықты) беру күніне кепілге салынған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) санынан аспайды."

2. "Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 201 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17419 болып тіркелген, 2018 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру қағидалары";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) жүргізу талаптары мен тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік тізілімді қалыптастыруды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) электрондық нысанда жүзеге асырады және тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздар және олардың уәкілетті органда тіркелген эмитенттері және орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының дерекқорлары туралы мәліметтердің негізінде қалыптастырылады.";

1-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы
қағаздардың мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру
қағидаларына
1-қосымша;

2-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы
қағаздардың мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру
қағидаларына
2-қосымша;

3-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы
қағаздардың мемлекеттік

тізілімін қалыптастыру
қағидаларына
3-қосымша;

4-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы
қағаздардың мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру
қағидаларына
4-қосымша;

5-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссиялық бағалы
қағаздардың мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру
қағидаларына
5-қосымша.

3. "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 249 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Орталық депозитарий инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы ұсынған мынадай құжаттардың негізінде инвестициялық пай қорының пайына қызмет көрсетуге қабылдайды:

пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

инвестициялық пай қоры қағидаларының көшірмесі;

мынадай:

инвестициялық пай қорының атауы;

құжатқа қол қою құқығын беретін басқарушы компанияның атауы;

басқарушы компания өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы мәліметтерді қамтитын, жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүргізуге арналған құжаттарға қол қою құқығына ие басқарушы компания өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілерін қамтитын құжаттар;

осы құжатта келтірілген қолдардың үлгілері тізілімдер жүйесінде ашылған тіркелген тұлғаның жеке шоты бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналады;

мынадай:

инвестициялық пай қорының атауы;

басқарушы компанияның атауы;

инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды жүзеге асыратын кастодианның атауы;

кастодиан өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы мәліметтерді қамтитын, жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды жүргізуге арналған құжаттарды растау құқығына ие кастодиан өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілерін қамтитын құжаттар;

осы құжатта келтірілген қолдардың үлгілері тіркелген тұлғаның тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоты бойынша операциялар және ақпараттық операциялар расталған кезде міндетті болып саналады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Жеке шотты ашуға (жабуға) бұйрыққа жеке тұлға немесе оның өкілі не заңды тұлғаның, оның ішінде инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының өкілі қол қояды және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген мәліметтерді қамтиды.";

18-тармақ алып тасталсын;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Жеке шотқа жеке нөмір беріледі. Жеке шот мынадай:

1) тіркелген тұлға;

2) бағалы қағаздардың саны, түрі және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды);

3) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары;

4) ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны;

5) пайдасына бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу жүзеге асырылған және ауыртпалық салынған бағалы қағаздар бойынша құқықтар кімге тиесілі тұлғалар;

6) оқшауланған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны;

7) осы жеке шот бойынша жүргізілген операциялар;

8) Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген көлемде сенімгерлік басқарушы;

9) сенімгерлік басқаруға берілген бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны туралы;

10) Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген мәліметтерді қамтиды .";

31 және 32-тармақтар алып тасталсын;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Ақпараттық операцияларға мыналар жатады:

1) белгілі бір күнге және уақытқа бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін (акционерлер тізімін) жасау және беру;

2) жеке шоттан үзінді-көшірме жасау және беру;

3) белгілі бір күнге және уақытқа бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы анықтама жасау және беру;

4) тиісті бұйрықтың немесе тіркелген тұлғаның (оның өкілінің) сұратуының негізінде ақпарат дайындау және беру.

Тізілімдер жүйесін жүргізуді бұрын жүзеге асырған ұйым тізілімдер жүйесін жүргізу күніне орталық депозитарий ұсынатын ақпарат пен құжаттар тізілімдер жүйесін жүргізуді бұрын жүзеге асырған ұйым берген құжаттарға сәйкес жасалады және олар бойынша өзгерістер соттың тиісті шешімінің негізінде ғана енгізіледі.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) есептен шығару (есепке алу) жөніндегі операцияларды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені тіркеу туралы қарсы бұйрықтарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) және Қағидалардың 47, 49, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 73, 74 және 77-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қағидаларға және бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы операцияны жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттарды алған кезде жүргізеді.

Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабына, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес мәміле тараптарының біріне оны жасау үшін осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілетті мемлекеттік органның келісімі (рұқсаты) талап етілсе, орталық депозитарий осындай келісімнің (рұқсаттың) болуын растайтын құжатты сұратады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің талабы бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруға беру кезінде тізілімдер жүйесінде орталық депозитарий жүргізетін операцияларға да қолданылады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Эмитенттің бағалы қағаздарын және эмитенттің кредиторлары алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбалар енгізу жөніндегі операцияны орталық депозитарий эмитент уәкілетті органның эмитент жүргізген айырбастау туралы хабарламасының көшірмесін және мынадай құжаттардың бірінің көшірмесін ұсынған кезде жүргізеді:

1) эмитенттің жай акцияларына айырбасталатын эмитенттің бағалы қағаздары шығарылымының проспектісі;

2) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) егер эмитент дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оңалту жоспары.

Орталық депозитарий тіркелген тұлғаларға тиесілі эмитенттің бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбалар енгізу жөніндегі операцияны тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан бағалы қағаздарды есептен шығару және оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке алу және жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан жай акцияларды есептен шығару және эмитенттің бағалы қағаздарды айырбастау туралы жазбалар енгізуге арналған бұйрығы негізінде оларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке алу арқылы жүргізеді.

Орталық депозитарий эмитенттің кредиторлары алдындағы ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу жөніндегі операцияны жарияланған немесе сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан жай акцияларды есептен шығару және оларды Қағидалардың 12 және 13-тармақтарына сәйкес эмитенттің ақша міндеттемелерін айырбастау туралы жазбаларды енгізуге арналған бұйрығының негізінде эмитенттің жеке шоттарына есепке алу жолымен жүргізеді.

Бағалы қағаздарды және эмитенттің кредиторлары алдындағы ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айырбастауға байланысты жеке шот бойынша операциялар жүргізілгеннен кейін орталық депозитарий 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған бұл туралы хабарлама жібереді.

Орталық депозитарий эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздардың айырбасталуына байланысты оларды есепке алу үшін жеке шотына есепке алынған облигациялардың күшін облигациялар шығарылымының күшін жою туралы куәліктің көшірмесі негізінде жояды.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Эмитенттің орналастырылған акцияларының бір түрін осы эмитент акцияларының басқа түріне айырбастау туралы жазбаларды енгізу жөніндегі операцияны орталық депозитарий эмитент ұсынған эмитент акционерлерінің жалпы

жиналысының орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешімінің көшірмесі, айырбастаудың талаптары, мерзімі мен тәртібі айқындалған акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмелері, жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы жана куәліктің және эмитенттің орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрге айырбастау туралы жазбаларды:

1) айырбастауға жататын акцияларды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан есептен шығару және оларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке алу;

2) орналастырылған акцияларды айырбастау жүргізілетін акцияларды оған сәйкес айырбастау жүзеге асырылатын пропорцияда есептен шығару, жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін жеке шотынан акциялары айырбастауға жататын тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына, сондай-ақ эмитент сатып алған акцияларды айырбастау жүргізілетін акцияларды жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан айырбастау жүзеге асырылатын пропорцияда есептен шығару және оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке алу жолымен жүргізеді.

Эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастауға байланысты жеке шот бойынша операциялар жүргізілгеннен кейін орталық депозитарий 1 (бір) жұмыс күні ішінде эмитентке бұл туралы хабарлама жібереді.";

57-тармақ алып тасталсын;

66-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кепіл ұстаушының бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) беруді тіркеу бұйрығы;

2) жаңа кепіл ұстаушының бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын (эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) беруді тіркеу бұйрығы;"

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Қағидалардың 77-тармағында көрсетілген барлық операциялар жүргізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде орталық депозитарий эмитентке, сенімгерлік басқарушыға, сондай-ақ айналыс мерзімі өткен және олар бойынша эмитент оларды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған бағалы қағаздарға ауыртпалық салу пайдасына жүзеге асырылған тұлғаларға тиісті хабарламалар (есептер) жібереді.

Ұстаушыларға Қағидалардың 77-тармағында көрсетілген жүргізілген операциялары туралы хабарлауды орталық депозитарий осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде өзінің ресми интернет-ресурсында тиісті ақпарат орналастыру арқылы жүзеге асырады.";

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Тізілімдер жүйесінде операция жүргізу мерзімі орталық депозитарий ұсынылған құжаттарды (трансфер-агент қызметін көрсететін ұйымнан алынған құжаттар) тіркеген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеу оларды орталық депозитарий алған күні жүзеге асырылады. Қатаң жүйелікпен орындауға (мұнда бір операцияны орындау басқа операцияны алдын ала жүргізусіз мүмкін емес) жататын бағалы қағазды ұстаушының бір жеке шоты шеңберінде бірнеше операциялар жүргізу үшін құжаттарды бір мезгілде қабылдаған жағдайда, кейінгі операцияны жүргізу мерзімі өткен операцияны орындаған сәттен бастап есептеледі.";

96-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"96. Орталық депозитарий бұйрықты алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда:

1) бұйрықтардағы қойылған қолдардың жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері бар құжатта немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қол қою үлгілеріне сәйкес келмегенде;

2) операция жасау бұйрығы алынған күннен бастап күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрық ұсынылмағанда;

3) Қағидалардың 38-тармағында белгіленген тәртіппен басқарушы компанияның пайларды есептен шығару (есепке алу) бұйрығымен бір мезгілде (бір жұмыс күні ішінде) инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодианның растауы ұсынылмағанда;

4) бұйрықтардың деректемелері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген деректемелерге немесе жеке шот деректемелеріне сәйкес келмегенде;

5) жеке шотта қажетті бағалы қағаздар саны болмағанда;

6) тізілімдер жүйесінің деректері негізінде мәміле жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғанда;

7) Қағидаларда көзделген жағдайларда клиент мәміленің тіркелуі үшін белгіленген мерзімде осындай мәмілені жасауға осындай келісімді (рұқсатты) беруге уәкілетті мемлекеттік органның берген келісімін (рұқсатын) растайтын құжатты ұсынбағанда;

8) тиісті мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздар айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімі болғанда;

9) Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот оқшауланғанда;

10) Қағидалардың 47, 66, 67 және 77-тармақтарында көзделген операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған;

11) Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 13-бабында көзделген жағдайларда;

12) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген жағдайларда оның орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша бас тартуды ресімдейді.

Орталық депозитарий Кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңның 13-бабында көзделген жағдайларда жағдайларда және тәртіпте эмитенттің бұйрығын орындаудан бас тартады.

Бұйрықты орындаудан бас тартуға бірінші басшы немесе оның орнындағы адам немесе орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес тізілімдер жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және орталық депозитарийдің қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртабанымен расталады не Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелер пайдаланыла отырып электрондық құжат нысанында жасалады және беріледі.

Жүргізілу талаптарын қосымша тексеру талап етілетін операцияларды жүзеге асыруға арналған бұйрықты орындаудан бас тартуды дайындау кезінде осындай бас тартуды дайындау 6 (алты) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

4. "Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген, 2018 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 7-1 және 7-2-тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Орталық депозитарий клиентке қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша қызметтер көрсетуді Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысында, банктік шот шартында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Валюталық бақылау агентінің функцияларын орындайтын уәкілетті банк ретінде танылатын орталық депозитарий Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18544 болып тіркелген, "Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысына сәйкес жүргізілген валюталық операциялар туралы есептерді жібереді.

7-2. Орталық депозитарийдің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын сақтау жөнінде қызметтер көрсетуі 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Орталық депозитарий өз клиенттерінің эмиссиялық бағалы қағаздары мен қаржы құралдары бойынша мәмілелерді тіркеу, есепке алуды жүргізу және құқықтарды растау мақсатында жеке шоттар (қосалқы шоттар) ашады және күндерді, уақытты және оларды жүргізу үшін негіздерді көрсете отырып, жеке шоттар (қосалқы шоттар) бойынша операциялардың есебін жүргізеді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Депоненттердің және олардың клиенттерінің қаржы құралдарын бөлек есепке алуды қамтамасыз ету үшін депоненттің жеке шотында орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен мынадай қосалқы шоттар ашылады:

1) депоненттің атына ашылатын және депонентке тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты;

2) депоненттің атына ашылатын және бағалы қағаздардың қайталама нарығында депонент сатып алған қаржы құралдарын есепке алуға арналған, сатып алынған меншікті бағалы қағаздарды есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты;

3) депоненттің атына ашылатын және осы депоненттің орналастырылмаған қаржы құралдарын есепке алуға арналған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты;

4) депонент клиентінің атына депонент клиентінің барлық қажетті деректемелерін жариялаумен және депоненттің белгілі бір клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған ұстаушының қосалқы шоты;

5) депонент ұсынған, Қағидалардың 18-1-тармағында көрсетілген мәліметтер негізінде орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен орталық депозитарий осы клиентке берген бірегей коды бойынша депоненттің клиентіне ашылатын және депоненттің осындай клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған ұстаушының қосалқы шоты.

Депоненттің клиентіне депоненттің жеке шоты шеңберінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттің осы клиентіне тиесілі қаржы құралдарын есепке алуға арналған ұстаушының тек бір қосалқы шоты ашылады.

Қағидалардың 16-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның жеке шотында ашылатын ұстаушының қосалқы шоты клиенттің деректемелерін көрсете отырып не оларсыз (осы шоттың заңды тұлғаның клиентіне тиесілігі туралы белгімен) оның өтініші негізінде осы заңды тұлғаның клиентіне ашылады;

б) номиналды ұстаушының атына ашылатын және номиналды ұстауға берілген қаржы құралдарын есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты.

Номиналды ұстаушының қосалқы шоты:

бағалы қағаздармен операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру мақсатында номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алу үшін;

шетелдік депозитарийге немесе шетелдік кастодианға олардың клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін олардың жеке шотында;

номиналды ұстаушыға – депоненттің клиенті болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидентіне;

номиналды ұстаушыға – басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін кастодианның клиенті болып табылатын Қазақстан Республикасының резидентіне;

"Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының листингіндегі қаржы құралдарын есепке алу үшін "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымға ашылады;

7) эмитенттің атына ашылатын және бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитент сатып алған қаржы құралдарын есепке алуға арналған сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің қосалқы шоты;

8) эмитенттің атына ашылатын және осы эмитенттің орналастырылмаған қаржы құралдарын есепке алуға арналған жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің қосалқы шоты.";

мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-тармақтармен толықтырылсын:

"18-1. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен депонент ұсынған:

Қазақстан Республикасының резиденті-жеке тұлға депоненті клиентінің жеке сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлға депоненті клиентінің бизнес сәйкестендіру нөмірі;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-жеке тұлға депоненті клиентінің жеке басын куәландыратын құжат;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлғаның депоненті клиентінің тіркелгенін растайтын құжат туралы мәліметтері негізінде депонент клиентіне бірегей код беруді жүзеге асырады.

18-2. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен сауда-саттықты ұйымдастырушыға депоненттің клиентіне бірегей код беру туралы ақпаратты жібереді.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Орталық депозитарийдің депоненті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен кастодиандық, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті қоса атқарған кезде:

1) Қағидалардың 18-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар номиналды ұстау қызметтерін көрсете отырып, брокерлік қызметтер көрсету туралы шартқа сәйкес депонент ұсынған қосалқы шот ашуға бұйрықтың негізінде ашылады;

2) Қағидалардың 18-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген қосалқы шоттар кастодиандық қызмет көрсету шартына сәйкес депонент ұсынған қосалқы шотты ашуға арналған бұйрықтың негізінде:

кастодиандық қызмет көрсетуге берілген, оларға тиесілі қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасы резиденттерінің;

басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері - номиналды ұстаушылардың;

Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-номиналды ұстаушылардың атына ашылады.

20. Орталық депозитарий клиенттерінің жеке шоттарын (қосалқы шоттарын) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашу және жүргізу тәртібі Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 36, 57, 58, 59, 60, 61, 78, 80, 81 және 82-баптарында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9876 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Номиналды ұстауға берілген, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді номиналды ұстау жүйесінде (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде) тіркеу, номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінде және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірмені беру және номиналды ұстаушының өзінің номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы

ақпаратты тіркеушінің, орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларында, осы Қағидаларда және орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді.

Қағидалардың 18-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жасырын жеке шоттарды және қосалқы шоттарды, сондай-ақ ойдан шығарылған аттарға жеке шоттарды және қосалқы шоттарды ашуға жол берілмейді.";

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу мыналарды қамтиды:

- 1) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрық берген тұлғаның өкілеттіктерін және осы бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;
- 2) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрықты тіркеу;
- 3) бағалы қағаздармен мәмілені орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде оны тіркеуге бұйрықта көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- 4) клиентке бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге оның бұйрығының орындалуы туралы есеп жіберу.

Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, егер орталық депозитарийдің қағидаларында және (немесе) қағидалар жинағында бұйрықты орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындауды орталық депозитарий қарсы бұйрықты алған күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Орталық депозитарий бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде оның мынадай:

1) орталық депозитарий клиентінің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясының және (немесе) лицензияға қосымшасының қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру (қаржы құралдарын басқа депоненттерге номиналды ұстауға аудару немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды қоспағанда);

2) уәкілетті органның немесе бағалы қағаздар айналымын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың бағалы қағаздар айналымын тоқтата тұруы немесе тоқтатуы (ақпараттық операцияларды қоспағанда);

3) бағалы қағаздарды шығару талаптарына сәйкес бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұру немесе тоқтату (ақпараттық операцияларды, номиналды ұстаушыны ауыстыру кезінде қажетті немесе осындай бағалы қағаздарды өтеу кезінде жүргізілетін

операцияларды, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына ашылған қосалқы шоттардан бағалы қағаздарды есептен шығару және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ашылған қосалқы шотқа есепке алу жөніндегі операцияларды қоспағанда);

4) бұйрықтың орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген нысанға сәйкес келмеуі;

5) толтыруға міндетті бұйрық деректемелерінің болмауы, сондай-ақ түзетулер немесе тазалаулардың болуы;

6) бұйрықтардағы қолдардың үлгілері нотариат куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеуі;

7) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) бұғатталған;

8) олардың біреуіне қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (жеке (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) қаржы құралдарын есептен шығару (есепке алу) бойынша операциялар жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген қаржы құралдарына ауыртпалық салу;

9) орталық депозитарий клиенттерінің шоттарында (қосалқы шоттарында) қаржы құралдарының және (немесе) ақшаның қажетті санының болмауы;

10) егер оны ұсыну қажеттілігі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген болса, қарсы бұйрықтың болмауы;

11) орталық депозитарийдің қаржы құралдарын номиналды ұстауға енгізуге (номиналды ұстаудан шығаруға) бұйрығын есептік ұйымның орындамауы туралы хабарлама алу;

12) мәміленің Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес келмеуі;

13) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларында орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша бас тартуды ресімдейді.

Жазбаша бас тарту поштамен және (немесе) қолма-қол және (немесе) электрондық поштамен және (немесе) факсимильдік немесе орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген байланыс түрлерімен жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 28-1- тармақпен толықтырылсын:

"28-1. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен номиналды ұстаушының клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын біріктірілген есепке алуға арналған номиналды ұстаушының қосалқы шоты бойынша номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінен мыналар:

есепті күннің басында және соңында осы қосалқы шотта есепте тұрған қаржы құралдарының қалдықтары;

есепті күн ішінде осы қосалқы шот бойынша жасалған номиналды ұстаушы клиенттерінің жеке шоттары бойынша тіркелген қаржы құралдарымен жасалған операциялар туралы электрондық деректерді күн сайын қабылдауды және сақтауды жүзеге асырады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"33. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен клиенттер және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында олардың жеке шоттарының (қосалқы шоттарының), банк шоттарының және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер бар көрсетілген шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың жай-күйі туралы есеп береді.

Клиенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банктік шоттарынан үзінді көшірмелер ұсыну мерзімдері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Орталық депозитарий банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізуді, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау бойынша аударым операцияларын "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі Заңында, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14335 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 210 қаулысымен бекітілген Банктер арасында, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларында және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген тәртіпте жүзеге асырады.";

40-1 және 40-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40-1. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қоғамның ірі акционерінің қалған акционерлерден сатып алған дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін шотқа аударылады.

Қоғамда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер

төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа жүзеге асырылады.

Қоғамда, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жария етілмеген нақтылы ұстаушының акционер-клиентіне тиесілі қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу өз клиентіне дивидендтер төлеуге арналған ақшаны аударуды дербес жүзеге асыратын нақтылы ұстаушының шотына жүзеге асырылады.

40-2. Қоғамның ірі акционері Акционерлік қоғамдар туралы заңның 25-1-бабына сәйкес қалған акционерлерден сатып алған дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақшаны және қоғамда және (немесе) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде олар туралы өзекті мәліметтер жоқ акционерлерге дивидендтер төлеуге арналған ақшаны есепке алу орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде әрбір тұлға бойынша бөлек жүзеге асырылады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізілімдерінің жүйесін (бұдан әрі - тізілім) қалыптастыру және жүргізу бойынша қызмет екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары (бұдан әрі - субъектілер) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұсынған ақпаратты қабылдау, енгізу және сақтаудан тұрады.

Осы тармақтың талабы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізілімді жүргізу шеңберінде қалыптастырылатын орталық депозитарийдің дерекқорына қол жеткізе алады.";

1-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туынды қаржы құралдарымен (фьючерстермен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде";

2-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туынды қаржы құралдарымен (опциондармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде";

3-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туынды қаржы құралдарымен (форвардтармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде";

4-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Туынды қаржы құралдарымен (своптармен) мәмілелер туралы ақпарат

(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, брокердің және (немесе) дилердің, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

_____ аралығы кезеңінде".

5. "Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 319 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18169 болып тіркелген, 2019 жылғы 21 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп тану, сараптама комитетін жасақтау және оның жұмыс жасау, сондай-ақ оның сандық құрамы қағидаларында:

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Сараптама комитеті уәкілетті органның жанынан кемінде сегіз мүшеден тұратын құрамда құрылады:

уәкілетті органның кемінде бес өкілі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кемінде бір өкілі;

қор биржасының кемінде бір өкілі;

кемінде бір тәуелсіз сарапшы.

Тәуелсіз сарап (сарапшылар) уәкілетті органмен келісілгеннен кейін Қазақстанның қаржы секторының мүдделерін шоғырландырылған түрде білдіретін заңды тұлғалар бірлестігінің ұсынысы негізінде сараптама комитетінің құрамына енгізіледі.

16. Сараптама комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай қатыса отырып, сырттай не аралас нысандарда өткізіледі.

Сараптама комитетінің отырысын өткізу үшін кворум оның мүшелерінің кемінде үштен екісін құрайды. Сараптама комитетінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда сараптама комитеті төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Сараптама комитетінің шешімдері отырысқа қатысқан сараптама комитеті мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Егер шешім қабылдауға сараптама комитеті мүшелерінің қарапайым көпшілігі дауыс берсе, белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беру қажет болған жағдайда отырысқа қатысып отырған сараптама комитеті мүшелерінің дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге қолданылады. Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын кворумды айқындау кезінде сараптама комитетінің отырысын өткізу басталғанға дейін ұсынылған, сырттай дауыс берген сараптама комитеті мүшелерінің бюллетеньдері ескеріледі.

Сараптама комитетінің шешімдері сараптама комитетінің отырысы өткізілгеннен кейін бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сараптама комитетінің

төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен және дауыс беруге қатысқан сараптама комитетінің барлық мүшелері қол қоятын сараптама қорытындысымен ресімделеді.

Қаралып отырған күдікті мәмілелердің тараптары ниеттері бойынша көрсетілген мәмілелерді жасау мән-жайларының түсіндірмелерін ұсыну мақсатында сараптама комитетінің отырысына қатысады. Қаралып отырған күдікті мәмілелердің тараптары сараптама комитетінің отырысына қатысуға ниет білдірген жағдайда сараптама комитетінің отырысы көзбе-көз не аралас нысанда өткізіледі. Сараптама комитетінің отырысына қатысу мүмкін болмаған жағдайда қаралып отырған күдікті мәмілелердің тараптары сараптама комитетіне осы мәмілелердің жасалу мән-жайларына жазбаша түсініктеме береді.

Шетел валютасымен күдікті мәмілелерге қатысты мәселелер, егер осы отырысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі қатысса, сараптама комитетінің отырысында қаралады."

6. Ерекше реттеу режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасу үшін құжаттарды іріктеу өлшемшарттарын және қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 235 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19773 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ерекше реттеу режиміне қатысу үшін іріктеудің мына өлшемшарттары бекітілсін:

1) өтініш беруші Қазақстан Республикасының резидент-қаржы ұйымы және (немесе) кемінде 2 (екі) жыл қаржы саласындағы қызметті, қаржы ресурстарының шоғырлануымен және (немесе) көрсетілетін төлем қызметтерімен байланысты қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өзге де резидент-заңды тұлғасы болып табылады;

2) өтініш берушінің ерекше реттеу режимі шеңберінде қатысу үшін өтініш беру күніндегі міндеттемелері оның активтерінен аспайды;

3) өтініш берушіде аяқталған 2 (екі) қаржы жылының нәтижелері бойынша зияндары жоқ;

4) жеке тұлға-құрылтайшыда не өтініш беруші заңды тұлға-құрылтайшының атқарушы органының немесе басқару органының бірінші басшысында алынбаған немесе өтелмеген соттылығы жоқ және (немесе) оларға қатысты экономикалық қызмет саласында қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық қудалау жүзеге асырылмаған;

5) өтініш берушіде ерекше реттеу режимі шеңберінде қатысу үшін өтініш беру күні құзыреттері шегінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және

қадағалау жөніндегі уәкілетті орган және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолданған қадағалап ден қоюдың қолданыстағы шаралары мен санкциялары жоқ;

6) өтініш берушінің ерекше реттеу режимі шеңберінде жүзеге асыруға жоспарлап отырған қызметі төменде аталған талаптардың біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келеді:

қаржылық қызметтер нарығында бәсекелестікті арттыруға ықпал етеді;

қаржы нарығын дамытуға ықпал етеді және тұтынушылардың мүдделеріне сәйкес келеді;

географиялық және қаржылық қолжетімділікті арттыруға ықпал етеді;

қаржы нарығында жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді көздейді;

қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен қаржы нарығына қатысушылар үшін шығасылар мен тәуекелдерді төмендетуге бағытталған;

7) өтініш беруші ерекше реттеу режиміне қатысу үшін ұсынған бизнес-жоспар ерекше реттеу режимінің мақсаттарына сәйкес келеді.

Осы тармақтың 3) тармақшасының талаптары өз қызметін бағалы қағаздар нарығында ерекше реттеу режимі шеңберінде жоспарлайтын өтініш берушіге қолданылмайды."